



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**«АДАМИ КАПИТАЛ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ
НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ»**

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ*

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции

**«ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ КАК ОСНОВНОЙ ФАКТОР
ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ»**

WORKS

of the International scientific and practical conference

**«HUMAN CAPITAL AS THE MAIN FACTOR OF ECONOMIC
DEVELOPMENT»**

Астана

20 қазан 2022

УДК 331.5 (075.8)

ББК 65.240я73

А 24

Рецензенты: профессор «Esil University», д.э.н. Галиева А.Х.
профессор Евразийского национального университета им.Л.Н.Гумилева, д.э.н.
Шалболова У.Ж.

Редакционная коллегия

Макыш С.Б. – д.э.н., профессор, декан экономического факультета, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

Байжолова Р.А. – д.э.н., профессор, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

Ауелбекова А.К. – к.э.н., доцент Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

Исаева Б.К. – PhD., доцент, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

ISBN 978-601-337-744-5

«Адами капитал экономикалық дамудың негізгі факторы ретінде» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022. -330б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Человеческий капитал как основной фактор экономического развития». – Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2022. -330с.

Works of the International scientific and practical conference «Human capital as the main factor of economic development». - Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. -330p.

УДК 331.5 (075.8)

ББК 65.240я73

ISBN 978 – 601 – 337 – 744 – 5

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

4. Бюро национальной статистики агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан – режим доступа: <https://stat.gov.kz/>

УДК 338.465.4

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР НАРЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Абдрахманова Жаннур Сериковна
abdrakhmanova.zhannur@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Экономика» мамандығының 3 курс докторанты,
Астана қ., Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., қауым.профессор А.Т.Карипова

Медициналық қызметтер нарығы – бұл өте қажетті нарық, себебі адамдарға қажетті сауаттылықты қанағаттандыратын сапалы деңгейде, қажетті көлемде медициналық көмек алуға кепілдік береді.

«Медициналық қызметтер нарығы» ұғымын анықтауда бірнеше көзқарастар бар. Кейбір авторлардың пікірінше, медициналық қызметтер нарығы дербес шешім қабылдайтын шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы байланыс қарым-қатынас нысаны болып табылады [1]. Басқалардың пікірінше, бұл жеке тауарлар мен қызметтердің сатып алушылары мен сатушыларын (жеткізушілерін) біріктіретін механизм, олардың арасында тауарлар мен қызметтердің алмасуымен байланысты экономикалық қатынастар пайда болады, нәтижесінде сұраныс, ұсыныс және баға қалыптасады [2]. Үшіншіден, медициналық қызметтер нарығын барлық медициналық технологиялардың жиынтығы ретінде анықтауға болады [3]. Біздің ойымызша, кез-келген нарықтың негізгі субъектілері тауарлар қызметтерді тұтынушылар мен өндірушілер [4].

Медициналық қызметтер нарығы ұғымын анықтауда С.А.Столяров, Р.А.Галкин, С.И.Двойников, В.В.Павлов, И.В.Поляков, С.А.Уваров атты ғалымдар медициналық қызметтерді жеткізушілер мен тұтынушылар арасындағы өзара іс-қимыл процесі ретінде көрсетеді.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесін дамыту мен медицина саласының жалпы мәселелері отандық медицина ғалымдары М.А.Әлиев, О.Т.Жүзжанов, А.А.Ақынов, М.К.Құлжанов, В.Н.Девятко, Т.Ш.Шармановтың еңбектерінде көрініс тапты.

Қазіргі қоғамдық түсінік бойынша, медициналық қызметтер нарығында, пациент әрекет етеді, нарықта ұсынылған кез-келген өндірушіден нарықтық бағамен өнімді (медициналық қызметтерді) сатып алады. Медициналық қызметтер нарығында өндіруші ретінде медициналық қызметтер өндіретін мекемелер, яғни емханалар, диспансерлер, амбулаторияларға тұтынушы таңдау жасайды.


Осылайша, тұтынушы сатып алуға дайын болатын медициналық қызметтердің саны өндіруші ұсынатын бағаға тікелей тәуелді. Басқаша сөзбен айтқанда, медициналық қызметтердің бағасы неғұрлым төмен болса, тұтынушылар саныда артары сөзсіз. Өндіруші өз кезегінде, көрсетілетін қызметтердің санын және олардың бағасын арттырады. Алайда, медициналық қызметтерге бағаның өсуі, бұл сұраныстың төмендеуіне әкеледі және бұл өз кезегінде өндірушілердің бағасын төмендетуде. Медициналық қызметтер нарығындағы ұсынылатын және сатып алынатын қызметтердің бағасы мен саны сәйкес келген жағдайда тепе-теңдік қалыптасады [5].

Мінсіз нарық тұтынушыға (пациентке) тауардың (медициналық) сатып алу қасиеттері туралы ақпараттың толық және қолжетімді болған жағдайында ғана қызмет көрсете алады. Бұл ретте тұтынушы өз денсаулығының жай-күйін объективті бағалап, таңдалған қызметті көрсету нәтижесінде қандай нақты медициналық қызметтер қажет екенін және қандай өзгерістер болуы мүмкін екенін нақты білуі керек.

Медициналық қызмет нарығының ерекшеліктеріне тоқталып өтсек. АҚШ-да ұзақ жылдар бойы денсаулық сақтау мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болды. Бұл ішінара медициналық көмек бірегей және осы көмектің нәтижесін анықтау үшін тек жеке секторға сенім артуға болмайды деген пікірге байланысты. Қоғамда денсаулық сақтау саласына жұртшылық назар аударуының тағы бір себебі – өкіметтің көп ақша қаражатын жұмсайтындығы және уақыт өте келе бұл сомалардың тез өсуінде.

Медициналық қызмет көрсету нарығының ерекшеліктерін түсіну үшін алдымен жалпы сақтандырудың рөлін түсінуіміз қажет. Сақтандырудың мақсаты – адамдарға тәуекелді болдырмауға немесе кем дегенде оны азайтуға мүмкіндік беру [6]. Сақтандыру теориясын түсіну денсаулыққа қатысты мәселелерді түсінуге және адамдарды түрлі жағымсыз оқиғалардан қорғауға көмектеседі. Медициналық қызметі реттеудің әртүрлі әдістері мен құралдарын қолдану арқылы мемлекеттің медициналық қызметтер нарығына реттеуші әсерінің қажеттілігін айқындалады.

«Денсаулық сақтау», «медицина», «медициналық көмек», «медициналық іс-әрекет», «медициналық қызмет» ұғымдары жүйелі түрде бір-бірімен тығыз байланысты түсініктер. Бұл байланысты төмендегі суреттен көруге болады:



Сурет 1. Денсаулық сақтау және медицина саласындағы ұғымдардың өзара байланысы

Ескерту: автормен [1,2] еңбектер негізінде жасалды

Әлеуметтік маңызы бар нарық ретінде медициналық қызметтер нарығының ерекшелігіне байланысты медициналық қызметтер қолданыстағы сұраныс пен ұсынысқа негізделеді. Негізінен ұсыныс ретінде дәрігер тікелей медициналық қызмет көрсететін субъект болып табылады және ол өз еңбегінің жоғары бағалануына қызығушылық танытады. Кейбір жағдайларда медициналық қызметтің сапасы мен бағасын белгілеу кезінде оны объективті деп тануға болмайды.

Медициналық қызметтің сапасын және оны өндіруге жұмсалатын шығындарды бағалау кезінде тікелей өндіруші ретінде дәрігердің субъективті көзқарасы басым болатындығын мойындау керек.

Науқас ауырған жағдайда медициналық қызмет алудың қатаң қажеттілігіне байланысты көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын, көлемін және бағасын да объективті бағалай алмайды. Мұндай жағдайда «үшінші тараптың», яғни ұйымның қатысуы қажет. Көрсетілген медициналық қызметті қаржыландыру кезінде делдалдық қызметтер көрсететін, сондай-ақ медициналық қызмет көрсету сапасын бақылайтын ұйымдардың болуы бүгінгі күнде қажеттілікке ие.

Медициналық қызметтер нарығын дамыту бірқатар көрсеткіштерге оң нәтижелерге қол жеткізуге септігін тигізеді. Атап айтар болсақ:

- денсаулық сақтау жүйесін дамытуға инвестициялар тарту;
- экономикалық өсу қарқынына тікелей әсер етіп, еңбекке қабілетті тұлғалар санының артуына, сырқаттанушылық пен өлім көрсеткіштері санының азаюына;
- қол жетімді және сапалы медициналық қызметтермен тұтынушыларды қаматамасыз ету;
- экономиканың дамуының негізі болып табылатын бәсекеге барынша қабілетті медициналық нарықты білікті мамандармен толықтыру;
- экономиканың сабақтас салаларын: фармацевтика және медицина өнеркәсібін, құрылыс секторын, салалық ғылымды және т. б. дамыту үшін ынталандырулар.

Халықтың ақылы медициналық көмекке жүгінуінің өзіндік себептері бар. Бұл сапалы медициналық көмектің экономикалық және физикалық тұрғыдан қол жетімсіздігі. Тегін медициналық көмек көп күтуді қажет етсе, бұл кейде науқастың кезегі келген кезде соншалықты қажет болмауы да мүмкін. Физикалық қол жетімсіздік пациенттің (тұтынушының) тұрақты тұратын жерінде медициналық қызметтер нарығының болмауымен байланысты.

Медициналық қызметтің құндылығын көрсететін басты тараптар: жалпы қоғам, халықтың жекелеген топтары және жеке тұлғалар. Жеке тұлғаның денсаулық жағдайы өмір сүру ұзақтығымен, салауатты өмір салтымен анықталатындығы белгілі.

Қазіргі заманғы әлем қарқынды өзгерістерге ұшырап жатқаны белгілі. Халық денсаулығын жақсартып, емделушінің уақытын тиімді пайдалану жолында әлем елдері дамудың тетегін цифрландырудан тауып, тиімді қолдана

бастады. Жаңа технологиялардың пайда болуы медициналық қызметтер нарығының дамуына оң әсерін тигізуде.

Бүгінгі күні бүкіл әлем бойынша пандемияның болуы және экономикадағы басқа да белгісіздік жағдайларының орын алуы медициналық қызметтер нарығын цифрландырудың аса қажетті екенін айқын көрсетті. Бұл денсаулық сақтау саласының жаңа жағдайда жұмыс істеуі мен дамуы туралы теориялық идеяларды дамытуды талап етеді, өйткені болып жатқан өзгерістердің жылдамдығы қолданыстағы теориялық көзқарастардың тез ескіруіне әкеледі.

Инновацияларды енгізу пациенттер (тұтынушылар) үшін медициналық көмек алуды жеңілдетеді, олардың физикалық қолжетімділігін арттырады, ал медициналық ұйымдар үшін қызмет тиімділігінің көрсеткіштерін жақсартады.

Көптеген елдер сандық трансформация, сандық экономиканың құзыреттілік орталықтарын, Силикон алқабын, «реттеуші құм» құру бойынша сандық стратегиялар мен басқа да бағдарламаларды қабылдады. Қазақстанда, сондай-ақ, қазақстандық экономиканы цифрландыру бойынша «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама орта мерзімді болашақта цифрлық технологияларды пайдалану есебінен экономиканың даму қарқынын жеделдетуге және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға, сондай-ақ, Қазақстан экономикасының ұзақ мерзімді жоспарында Болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшуі үшін жағдай жасауға бағытталған [7]. Бұл ретте, бағдарламада «цифрлық экономика» ұғымының нақты анықтамасы жоқ. Осыдан бағдарлама флагмандық салалар үшін, мемлекеттік органдар қызметінде, сондай-ақ сандық инфрақұрылым мен адами капиталды дамыту кезінде цифрлық экономиканың ортасын және инновациялық экожүйесін қалыптастыру үшін ғана арналған деген қорытынды жасауға болады.

Сонымен, цифрлық технологияларды енгізу қарқыны неғұрлым жылдам болса, соғұрлым сандық экономиканың қалыптасуын басқару міндеттері күрделі екенін ескеру қажет. Технологиялар жаңа салаларды дамытудың қозғаушы күші ғана емес, сондай-ақ, халықтың қартаюы, әлеуметтік жіктелу, экологиялық мәселелер және климаттың өзгеруі сияқты қоғам мәселелерін шешуге елеулі үлес қоса отырып, маңызды әлеуметтік рөлдерге ие болады. Алдыңғы қатарлы ғылым мен технологиялардың көмегімен адамның қажеттілігіне, икемділігіне, креативтілігіне бағдарланудың жаңа құндылықтарына негізделген «ақылды» қоғам пайда болады. Цифрландырудың әсерінен еңбек нарығы, денсаулық сақтау, білім беру, кеңістіктік даму түбегейлі өзгереді [8].

Медициналық нарықты дамытудың негізгі бағыттары медицина саласын мемлекеттік қолдау, дәрігерлердің кәсіби біліктілігін арттырумен, медициналық ұйымдарды оның ішінде телемедицинаны, сапа мен қолжетімділікті дамыту бүгінгі күннің күн тәртібіндегі мәселелер.

Осылайша, медициналық қызметтер нарығы бірқатар жалпы жүйелік және ерекше белгілері бар күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйе болып табылады. Оның қызметі негізінен халықтың денсаулығын қолдау және нығайту, өлім-жітім деңгейін төмендету мақсатында медициналық қызметтерді өндірушілердің

(медициналық қызметтер көрсететін ұйымдардың) және тұтынушылардың (пациенттердің) қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жүйе.

Медициналық қызметтер нарығын жүзеге асырудың әртүрлілігіне қарамастан, медициналық қызмет көрсетудің негізгі ұстанымы қоғамымыздағы барлық азаматтардың осы қызмет түрін тұтытуда жалпыға бірдей теңдікпен қолжетімді болуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Малахова Н.Г. Маркетинг медицинских услуг: метод. пособие / Н.Г. Малахова. М.: МЦФЭР, 1998. -90с.

2. Столяров С.А. Рынок медицинских услуг: некоторые его характеристики, проблемы и аспекты управления / С.А. Столяров; 3-е изд., испр. и дополн. Барнаул: АзБука, 2005. -269с.

3. Маркетинг, лизинг, логистика в здравоохранении / Р.А. Галкин, С.И. Двойников, В.В. Павлов и др. Самара – СПб.: Перспектива, 2000. -176с.

4. Природа и особенности рынка добровольного медицинского страхования в странах Европейского союза / В.З. Кучеренко, Л.А. Берестов, С.А. Мартынчик и др. // Экономика здравоохранения. 2016. № 6. -С.5-14.

5. Рожкова Е.В. Медицинские услуги: понятие и особенности // Современные исследования социальных проблем. 2011. № 13. -С.39-56.

6. Природа и особенности рынка добровольного медицинского страхования в странах Европейского союза / В.З. Кучеренко, Л.А. Берестов, С.А. Мартынчик и др. // Экономика здравоохранения. 2006. № 6. -С.5-14.

7. Что такое цифровая экономика? Тренды, компетенции, измерение: докл. к XX Апр. междунар. науч. конф. по проблемам развития экономики и общества, Москва, 9–12 апреля 2019 г. / Г. И. Абдрахманова, К. О. Вишнеvский, Л. М. Гохберг и др.; науч. ред. Л. М. Гохберг; Нац. исслед. ун-т «Высшая школа экономики». — М.: Изд. дом Высшей школы экономики, 2019. -82с.

8. Государственная Программа «Цифровой Казахстан» Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 12 декабря 2017 года № 827. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs>

УДК 631.9

АГРОТУРИЗМ КАК РЫЧАГ В ПОВЫШЕНИИ БЛАГОСОСТОЯНИЯ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА

Абдыкерова Гизат Жанарбековна

gizat_ab@mail.ru

к.т.н., ассоциированный профессор Казахского агротехнического университета им. С.Сейфуллина, Астана, Казахстан

Одним из перспективных направлений экономического развития сельской местности Казахстана является развитие туристической индустрии, в частности